

Хаттама

«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ «Шал ақын ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК ауруханасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайын түсіндіру және оқу іс-шаралары

Сергеевка қаласы

« 10 » « 06 » 2025 жыл

Өткізілетін уақыты:сағат 10:00

Өткізілетін орын: бөлімше

Қатысқандар:«Шал ақын ауданының аудандық ауруханасының» ШЖҚ КМК Хирург,Гинекологиялық,жұқпалы аурулар,қабылдау бөлмесі,терапия бөлімшенің ауысым бойынша қызметкерлері,дәрігері, т.б.

Қатысқандар саны-22

Кеңес хатшысы: комплаенс маманы-И.А.Анафияов

Күн тәртібі

«2025 жылға арналған пара» семинар

Комплаенс маманы-И.А.Анафияов түсініктеме берді:

Жалпы пара ұғымы әдетте тек заңсыз қызмет алу, біреу арқылы құжатты заңсыз әрі тез рәсімдеуге әрекет етумен шектеліп жатады. Алайда дәрігердің көмегі үшін оған сыйлық беру, тіпті мұғалімдерге алғыс сыйлығын беру пара деп саналады. 8 мың теңгеге дейін берілген сыйлыққа әкімшілік жаза қарастырылса, одан көп сомаға алынған сыйлық үшін қылмыстық жаза көзделген.Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 676-бабына сәйкес кез келген сыйлық, жеңілдік, тіпті қызмет көрсету заңсыз материалдық сыйақы (пара) деп танылады.Егер сыйлық осы сомадан арзан болса (мысалы, тіпті 100 теңге), онда пара беруші әкімшілік жазаға тартылады - 200 АЕК - теңге 786 400 көлемінде айыппұл салынады. Ал пара алушыға (сыйлықты қабылдаған) Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 677-бабына сәйкес 600 АЕК немесе 2.359 200 мың теңге көлемінде айыппұл салынады.Бір сөзбен, кез келген құнды немесе арзан сыйлық пара болып есептеледі. Ал сыйлық 2 АЕК - 7864 теңгеден асса, бұл қылмыстық құқықбұзушылық болып саналады. Бұл туралы Қылмыстық кодексінің 367-бабындағы ескертпеде жазылған.ҚР Азаматтық кодексінің 509-бабының 1-тармағына сәйкес құны заңнамалық актілерде белгіленген 10 АЕК мөлшерінен аспайтын әдеттегі сыйлықтарды есептемегенде: жас балалар мен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және басқа да осыған ұқсас мекемелердің жұмыскерлеріне сыйлық беруге жол берілмейді.

Бұдан басқа, Кодекстің 509-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағандарға, сондай-ақ, олардың отбасы мүшелеріне сыйлық алуға жол берілмейді. Мемлекеттік қызметкер санатына кім кіреді?

Заңның 1-бабы 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға: -жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; -ҚР заңында белгіленген тәртіппен ҚР Президенттігіне, ҚР Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат;

-өкілеттігін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын, еңбегіне ақы төлеу ҚР бюджет қаражатынан жүргізілетін аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі; -жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін;

-ҚР мемлекеттік бюджет қаражатынан еңбегіне ақы төленетін қызметші; -мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік секторді басқаратын адам, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырау, өткізу бойынша шешімдер қабылдайтын, не мемлекеттік бюджеттің және ҚР Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, ҚР Ұлттық банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері;

Пара келесі түрлерде болуы мүмкін:

Заттар — ақша оның ішінде валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомобильдер, тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық техника және басқада тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, гараждар, жер учаскелері және басқада жылжымайтын мүлік.

Қызметтер мен артықшылықтар — емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторий және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын — сауық және басқа шығындарды ақысыз немесе арзан бағамен төлеу.

Медицинада параның ең көп таралған түрлері:

- еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және денсаулық жағдайы туралы, қандай да бір жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы, спорттың қандай да бір түрімен айналысуға рұқсат беру туралы, дене шынықтырудан босату туралы түрлі анықтамаларды алғаны үшін.

- белгілі бір медициналық фактілерді растау немесе жасыру үшін (көбінесе ұрып-соғу және басқа дене жарақаттары).

-«қажетті» рецепт үшін.

-өлімнің шынайы себебін бұрмалағаны үшін.

-еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ұзартқаны үшін.
Пара беру – қылмыс!

**Жемқорлығы бар ел болғыңыз келмесе, оған өзіңіз жол бермеңіз!
Сыбайлас жемқорлық туралы білсеңіз-1424 қоңырау шалыңыз!
Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!**



Директордың м.а.

Орындаушы:



К.А. Исахов

И.А. Анафияов